



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

өлеңдері әйел теңдігі, оқу-білімге үндеу, келенсіз қасиеттерден арылу, өмірлік құбылыстарды пайымдау т.б. секілді жарлай арнау, сарнай арнау сарынында болып келіп, қазақ поэзиясының әр қырынан өсіп дамуына негіз болды.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихында Алаш арыстары қатарында шығармашылығымен ерекше орын алатын талантты тұлға - Мұстақым Малдыбаев. Ақын өлеңдерінің ерекшелігі тек жеке басының, әлеуметтік таптың мүддесі емес, ел мұңы, ел зары, ел шерін жырлауымен көрінеді. Ол жарияланған өлеңдер жалпы жеке өз алдына туынды ретінде де келер ұрпаққа, келер күнге, өткен күндерден сыр шертетін өшпес мұра болып қалды. Кешегі кеңестік дәуірде халықтық мұраларды дамытуда үлкен үлес қосқан халық ақындарының, Алаш қайраткерлерінің шығармашылықтары жан-жақты зерттеле қойған жоқ. Еліміз егеменді тәуелсіздік алған шақта, кешегі қатаң тоталитарлық идеологияның қыспағына ұшыраған, есімдерін атауға тыйым салған қайраткерлеріміздің артында қалған мол мұрасын жинау, оларды жарыққа шығару, елге таныту қазіргі күннің міндеті.

Қолданылған әдебиет

1. Байтұрсынов А. Шығармалар. – Алматы: Жалын, 1989 жыл. – 490 б.
2. Сауғабаев К.Тектің теңі – Мұстақым...// Азия Транзит. – 2000 ж. -13-19 қаңтар. – 41 б.
3. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Алаш, 2003. – 408 б.
4. Жұмабаев М. Жалынды жыр (өлеңдер жинағы). Алматы: Олжас кітапханасы баспа үйі, 2012. – 447 б.
5. Айқап. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995.– 364 б
6. Орынғали К. «Ызың» - дәуір жүрегінің дүрсілі // Жұлдыз. – 2011 ж. 9 қыркүйек. – 201 б.

ОӘК 821.512.122-13.09

ӘБУ СӘРСЕНБАЕВТЫҢ «АҚША БҰЛТ» ӨЛЕҢІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

Шымкентбай Ғазиза Еділбайқызы

gaziza-1994@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология: қазақ тілі мамандығы бойынша 3-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Р. Тұрысбек

Отанды, ұлтты, әдебиетті, оның болашағын сүю үшін көп айқайдың керегі жоқ. Әбекеңдікіндей тынымсыз, жанашыр, табанды әрекет керек.

Қазір көзі тірі жүрген ақын-жазушыларда Әбу Сәрсенбаев маңдайынан сүйіп, басынан сипамағаны кем де кем.

«Жақсы адам қартайса – қазына» деген осы. Тоқсаннан аса көз жұмған Әбекем қазына еді. (Шерхан Мұртаза)

«Ақша бұлт» ақынның ой-сезімінің өскендігін түгел көрсете алған, соғысқа түк қатысы жоқ болса да, дәл соғыс үнін береді. (Ғабит Мүсірепов)

Әйгілі ақын Әбу Сәрсенбаев аты аталғанда, алдымен ауызға алынатыны әсем лирикасы «Ақша бұлт»!

Отанды поэзияның ғана емес–ау, халықаралық аренадағы антология төрінен ойып орын алатын туынды. (Мұзафар Әлімбаев)

Келеді ақын

Көшеде жалғыз демігіп,

Нар еді-ау кеше

Көтерген талай белі жүк.

Жолдасын ойлап,
 Жабырқау тартқан сәті ме,
 Он тарау ойы
 Он тарау жаққа бөлініп.
 Туралап тартқан
 Төсекке жамбас жегізбей,
 «Боркемік екен,
 Қайраты қайтқан» дегізбей.
 Еңсесін тіктеп
 Елімен бірге келеді,
 Толқынды шашы
 Дауылды күнгі теңіздей. Өмірі – өлең...
 Өсірген талай жетімді,
 Арманы оның
 Ақша бұлт болып жетілді.
 Тұр, әне ақын,
 Жүрекке қосып байланған
 Ақырғы гранаталар секілді... (Өтеген Оралбаев)

Сәрсенбаев Әбу (Әбугали) 1905 жылдың 15 қазанында Атырау облысы, Құрманғазы (Теңіз) ауданы, Мақаш ауылдық округінің Алға ауылында балықшы отбасында туған. 1929 жылы Астрахань кеңес - партия мектебін бітіріп, 1932 – 1934 жылдары Алматыдағы Комвузда оқыған. Жасөспірім шағынан еліміздегі дүбірлі өзгерістерге тікелей араласып, қарапайым еңбек адамдарымен бірге жаңа өмірқұруға аянбай атсалысты. Отызыншы жылдар республикалық «Еңбекші қазақ» газетінде әдеби қызметкер, өзі ұйымдастырған «Түріксіб» газетінің тұңғыш редакторы болды. 1936 – 1942 жылдары Қазақтың Біріккен мемлекеттік баспасында жетекшілік етті. 1942 – 1947 жылдары Кеңес Армиясы қатарына алынып, Ұлы Отан соғысына қатысқан.

Әдебиетке 1930 жылдардың орта тұсында келді. «Еділ толқыны» (1937), «Жүрек сыйы» (1938), «Ант» (1939), «Ақша бұлт» (1947) жыр жинақтары оның ақындық қарымын танытса, «Туған өлке» (1948), «Махаббат жыры» (1949), «Отан таңы» атты кітаптары Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдардағы еңбек қаһармандарының бейнесін жасауға арналған. Оның прозалық шығармаларының ішінде Каспий теңізшілерінің қазіргі еңбегіне, өміріне арналған «Теңіз әуендері» (1969) романының орны ерекше болса, «Толқында туғандар» (1953) кітабында байырғы қазақ балықшы-жұмысшыларының ауыр тіршілігін шыншылдықпен бейнелейді. «Арбасу» (Қ.Жұмалиевпен бірлесіп, 1948), «Теңіз махаббаты» (1975) атты пьесалары, «Әдебиет хрестоматиясы» (Е.Исмайыловпен бірге құрастырған, 3 сынып үшін, 1938), «Оқу кітабы» (үлкендер мектебіне арналған, 1941), «Ана тілі» (3 сынып үшін, 1948, 1959) атты оқулықтары жарық көрген. Әскери новеллалар мен эсселер жинақтары да бар. Шығармалары орыс, эстон, түрікмен, тәжік, болгар, т.б. тілдерге аударылған. А.Пушкин, М.Лермонтов, Ш.Петефи, Н.Некрасов, Фаиз шығармаларын қазақ тіліне аударған. Жазушының әдебиетке қосқан еңбектері еленіп, 1987 жылы Қазақстанның Халық жазушысы атағы берілді. Октябрь (Қазан) Революциясы, I дәрежелі Отан соғысы, Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы, «Қызыл Жұлдыз», «Құрмет белгісі», «Парасат» ордендері мен марапатталған. 1995 жылы 25 қарашада өмірден өтті.

Оқырмандар сезімін, жан толқынын, жан сырын жеткізетін жан ләззатын беретін ендігі өлеңі ол "Ақша бұлт". «Ақша бұлт» - махаббат, сағыныш жолындағы адам жүрегінің қыл пернесі, ыстық шындық. "Ақша бұлт" қалай туды? Қандай жайттар әсер етті? деген сұрақтар көп оқырмандарды алаңдатары хақ. Осындай сұрақтар төңірегінде Әбу Сәрсенбаевты көгілдір экранға да шақырып сұхбат құрған.

" Жә, "Ақша бұлт" жырлары қандай жағдай, қандай себептермен туды? Фәлсафа ғылымы себепсіздікті мойындамайды. Ал себеп дегеніміз - сізді қоршап тұрған табиғи ортаның әсері, сол құбылысты сіздің қалай қабылдауыңыздың нәтижесі. Сосын, "ұстазыдың

ұстазы - табиғат" - деп әулие Леонардо айтпақшы, қаламгер мен суреткер - табиғат шәкірттері.Қызыл қалам тәңірісі Айвазовский бүкіл туындыларын теңіз құбылысынан "көшірген". Осы бір ақын жоладарынан байқайтынымыз "Ақша бұлттың" тууына ең бірінші итермелеген табиғат ананың өзі.

"Ақша бұлт" бір қарағанда аспанда қалықтап жүрген бір шөкім үлпілдек ақ бұлт секілді. Бірақ осы бір өлеңде сұрапыл соғыста жан аяспай Отанын қорғап жүрген солдаттың сағынышы "Ақша бұлтпен" беріледі. Жалғыз Әбу Сәрсенбаевтың ғана елге деген сағынышы емес, өзінің тұастары, майдангер достарының да әркездегі сағыныш сырларынан туған өлең. Атап айтқанда миномет взводының командирі Қазі Кәттібаев, мергендер взводының командирі Зейін Байжанов, жас мергендер Әуелбеков, Құдайбердиев, пулеметші Сәрсенбаев болды.

Июнь, 1943 жыл. Сержан Сәрсенбаевтың пулемет ұясы. Окоп ішінде жау қорғанысын бақылап отырған кез. Аспан жүзі мөп-мөлдір кез. Сәрсенбаев неке тойынан кейін бірден, келіншегі жібек желегін тастап үлгермей майданға аттанған екен. Сол сәтте аспанға қарап, ақша бұлтты көрген Сәрсенбаев " Ағай, мынау бұлтты қараңызшы.Қандай әдемі, келіншек желегі сияқты... Әй, алдай..." деп Әбу Сәрсенбаевқа қарап тіл қатыпты. "Кенет артиллерия жекпе-жегі басталып әңгімеміз аяқталмай қалды" деп еске алады Әбу Сәрсенбаев.

Июль,1923 жыл.Изюм ауданы. Жаудан жаңа азатталған ауылда майдан мергендерінің мәслихаты өткен. Мәжілісті сол кездегі армия генералы, болашақ мапшал Малиновский басқарған. Бұл мәжіліске 232 басқыншы жойған Медведов, 123 фашистті өлтірген Әбдіжаппар Әлімқұлов, Сұлтанбеков, Құдайбердиев пен Батум Крилл деген жастар да қатысқан. Әбу Сәрсенбаев қасында отырған қазақ жігітіне "Совет жауынгерін" ұсынып, хат жазады: "Қарағым, аты- жөнің кім? Кек кітабында қанша басқыншы?" Жігіттен : " Керекүлік Зейін Байжановпын. Әзірге 73 фашистке жер жастандырдым. Бірақ та сөйлеспек болсаңыз менің окобыма келіңіз... Әуелі мыналармен сөйлесіңіз" деген кері хат келеді. " Сөйтсек, газетте Зейіннің шәкірттерін беріппіз де, өзін ұмытыппыз" деп еске алады Әбу Сәрсенбаев.

Демалыс жарияланған соң, жауынгерлер жапырыласа шығып бір жасыл шалғынға құлады. Зейін Байжанов жауырын жерден көтермей, аспанға қарап, өзбек шәкіртіне : "Құдайбердиев, жоғары қараң" деп қатты дауыстады. Шәкірті : " Зейін әке... мына оша біздің Пахта - арал пахтасы..." деген екен. Зейін шәкіртіне әзілмен жауап қайтарған: " Бұл Салиманың сәлемдемесі ғой". Сол кезде Құдайбердиев орнынан көтеріліп, аспанда үлпілдеп жүрген ақша бұлтқа қарап: " Һа, шонақы, пахтасидан айналай, айналай... келің, келің..."

Міне, осында солдат сағынышы жүрекке жыр болып құйылған. Сол "Ақша бұлттың" алғашқы тармағы туды. Әбу Сәрсенбаев естелігінде " Мен алғашқы жолын сол сәтте жазып та , үлгердім : " Уа, ақша бұлт, айтшы маған, айтшы маған- келдің қайдан..."

Бірақ, ақша бұлт бірден құйыла қойған жоқ,алғашқы жолдары июльде басталса, соңғы нүктесі 1943 жылы 10 желтоқсанда Лозовая станциясында қойылды. " Бұл жолы менің төбемде қыстың салқын ақша бұлттары тұрды" дейді Әбу Сәрсенбаев. Соңғы тармақтары жазылған шақта салқын тартқан аяусыз қыс болса да , сол бір жазда көрінген ақша бұлттар көңіліне баяғы інкәрлікті, майдандастарының баяғы сағыныштарын ұялатқан. "Ақша бұлттар" дүниеге осылай келген-ді.

Ақша бұлт Әбу Сәрсенбаев

Ақша бұлтым, айтшы маған, айтшы маған, келдің қайдан?

Кәрі әжемдей айтшылаған, неге бейқам кездің майдан?

Жеткен бе әжем, ақ шашымен мені аялап таң алдында,

Әлде Алатау ақ төсінен күн сүйгенде жаралдың ба?

Мүмкін, бір сәл кесте тігіп отырғанда Ақбілегім,

Асау құйын кеткен-ді іліп алдындағы ақ жібегін.

Ақша бұлтты әлем биік, әкетпе алыс, орал, ағын

Мүмкін, жарым сәлем түйіп ұшырған-ды орамалын.

Мен сезімде ұйып тұрмын, тербе бұлтты жел ерінбей,

Желкілдесіп сүйіктімнің кір шалмаған желегіндей!

Баяула жел, көп есілмей, қума бұлтты, төзесің бе?
Ақ қанатты көгершіндей тұрсын солдат төбесінде!
Ақ мамық бұлт, қон алдыма, қайда кеттің, аядың ба?
Ақ марлы боп оралдың ба, әлде оқ үзген аяғыма?
Мүмкін, елге, алып ұштың жауынгердің сағынышын,
Айқасты ол, жалынышым, сенің арман-бағың үшін!
Ақша бұлттым, аялдамай көз алдымнан ұштың ұзап.
Жаралы деп баяндама, күтсін мені, күтсін ұзақ!

Бұл өлеңде ақын елге деген сағынышын, сәлемін майданды кезген үлпілдеген ақша бұлтпен сырласу арқылы жеткізеді. Ақша бұлтты ауылдағы аяулы әжесінің ақ шашына теңейді. Енді бірде келіп, ақша бұлтты сүйіктісі Ақбілектің сәлемі түйілген жел арқылы ұшып келген ақ жібек орамалға балайды. Ақынның бұл теңеулерінде елге деген сағынышпен қоса махаббат та көрінеді. Ол нендей махаббат? Туғандарына деген махаббат және жан-жарына деген махаббат. Махаббат лебімен ұйыған сезімде тұрған солдат ақша бұлтты төбесінен бір елі болса да жібергісі келмейді. Сол үшін баяула, қума бұлтты деп желмен тілдеседі. Ең болмағанда оқ үзген аяғына ақ марлы болып оралуын тілейді. Дегенмен, ақша бұл ақ көгершіндей солдаттың төбесінде ұзақ тұрмайды. Сонда да баяуламай ұшып кетіп бара жатқан ақша бұлттан солдат үмітін үзбейді. Елге сағынышынымды жеткізуге асыға ұшып бара жатыр деп болжайды. Елге сәлемімді жеткізгенде жаралы екенімді айтпа, менің аман оралуыма үміттерін үзбесін, күтсін ұзақ деп ақша бұлтпен қоштасады.

Бұл өлең қан майданда туған өлең. Бірақ қай жағынан қарасақ та оптимисттік сипатта құрылған. Бұл өлеңнің тағы бір ерекшелігі тек бір ғана солдаттың ғана емес, сұрапыл соғыста Отан үшін жанын аямай соғысып жүрген барлық жауынгерлердің сағынышын жеткізеді.

Қолданылған әдебиет

1. Сәрсенбаев Ә. Шығармалар жинағы: 5 томдық. - Алматы: "Жазушы", 1981. - Т. I. Өлеңдер, - 364 бет
2. Сәрсенбаев Ә. Ұстаздар мен тұстастар - Алматы: "Жазушы", 1986 - 440 бет
3. <http://www.qazaquni.kz>

ӘОЖ 821.514

БІР ӨЛЕҢНІҢ ТАРИХЫ

Іскендірова Тоғжан Айдарқызы
Togjan_22_1@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
филология факультетінің I курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.М.Байтанасова

Ауыз әдебиетінің дамуына өзіндік үлесін қосқан, шындықты қуаттап, өмірдің әр қадамына қуаныш лебізін білдіріп келген халық ақыны Маясар Жапақов Бұқар жырау, Кемпірбай, Шортанбай, Біржан сал, Әсеттердің мұрасын молынан игерген. Маясар Жапақовтың өлеңдерінің тақырыбы ауқымды, мазмұны бай. Соның ішінде «**Көңіл қаяу**» өлеңіне тоқталмақпыз.

Өлеңмен таныса келе бірнеше сауалдар туындады:

1. Ақынның бұл өлеңі қашан, қандай тарихи кезеңге байланысты жазылған?
2. Осы өлеңнің жазылуына себеп болған оқиға қай жерде болған?

Осы сауалдарға жауап іздеу барысында басылым бетіндегі мына деректерге көңіл аудардық. «Қазақ ауылын қан қақасатып, зар жылатқан ұлы нәубетті де және ұлы зұлматты да сталинизм идеясы әзірлеген еді. Өзінің ауқымы бойынша ол қазақ халқының